

**М. Тынышбаев атындағы Алматы көлік  
колледжі**

**19.04.2016ж. «Ерлік даңқы—  
мәңгілік» атты Ауған  
соғысының ардагерлерімен  
кездесу**





# Ауған соғысы туралы

Ауған соғысы (27.12.1979 — 15.02.1989) — КСРО Қарулы күштерінің Ауғанстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. КОКП және КСРО басшылығы Ауғанстандағы 1978 жылғы сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке келген “халықтық-демократиялық үкіметті” қолдап, көршілес елдің социалистік бағытпен дамуын көздеп, “интернационалдық әскери жәрдем береміз” деген желеумен оның ішкі істеріне араласты.





Ауғанстан - ислам мемлекеті Оңтүстік Батыс Азиядағы мемлекет. Аумағы 652,2 мың шаршы км. Астанасы – Кабул (1,5 млн., 1992). Халқының саны 32 млн. адам.

1979 жылы Кеңес әскерлері өздерінің 86 адамынан айырылды, оның 7-і қазақстандықтар еді.

1980 жылы қаза болғандар саны – 1484 адам, оның 18 -і қазақстандық болды.

1981 жылы 1298 солдат пен офицерлер көз жұмса, оның 97-сі қазақстандықтар болатын.

1982 жылы қаза тапқандар 1948 адамды құраса, оның 168 адамы қазақстандықтар еді.

1983 жылы қаза болғандар саны 1446 адам, оның 72 сі Қазақстаннан болды.

1984 жылы 2343 айырылып, оның 103 – і қазақстандықтар болатын.

1985 жылы 1868 адамнан айырылып, оның 86-сы қазақстандықтар еді.

1986 жылы қайтыс болғандар саны 1333 адамды құрады, ал оның 70-і Қазақстаннан еді.

1987 жылы қаза тапқандар саны 1215 адам болса, оның 64 адамы біздің отандастарымыз болды.

1988 жылы мерт болғандар саны 759 адамды құраса, оның 44 қазақстандықтар болды.

1989 жылы қаза тапқандар 53 адам болса, оның 8-і Қазақстаннан болатын. Міне осылай Кеңес әскерінің ресми деректері бойынша бұл соғыста 15 мыңнан астам совет офицерлері мен солдаттары қаза тапты, 35 мыңнан астам адам жараланып, оның қаншасы өмірлік мүгедек болып қалды. Осы соғыс әрекеттері КСРО ға 5 млрд. сом шығын әкелді. Ал осы соғыстың ел басына әкелген қайғы қасіретінде шек жоқ. Бұл соғысқа Қазақстаннан 21979 адам қатысып, оның 780-і қаза тапты, ал 22 – сі хабарсыз кетіп, із түссіз жоғалып кетті. 1990 жылғы мәліметтер бойынша хабарсыз кеткендердің 2-еуі АҚШ та тұтқында, 11-і тұтқындар лагерінде қаза тапқан. Соның ішінде Н.Г.Саминь мен Қ.Бекболатов Бадабер тұтқындар лагерінде ерлікпен қаза тапқаны соңғы уақытта белгілі болды. Иә, адамзат тарихындағы қанқұйлы оқиғалардың бірі осы Ауған соғысы болғаны жасырын емес. Осы соғысқа біздің елімізден де азаматтар аттанып, өздерінің интернационалдық борыштарын өтеді.







**Өтер жылдар, айлар тағы алыстап  
Тағдыр талай тауқыметін табыстар.  
Өздерінді жырлап өтер ұрпағың  
Ауғандағы азап шеккен арыстар!!!**

# Ауған соғыс ардагерлерімен естелік суреті

